

**"Авторлық қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2004 жылғы  
20 қазандағы N 406 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2006 жылғы 30 қаңтардағы N 27 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 6 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4082. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 342 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 17.04.2015 № 342 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Авторлық қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2004 жылғы 20 қазандағы N 406 бұйрығына , Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 22 қазанда тіркелген, тіркеу N 3213, мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Авторлық қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу ережесінде" :

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Авторлық қадағалау жүргізуге арналған шығындар құрылыстың сметалық құнында ескеріледі."

2. Сәулет-құрылыс бақылау және инспекциялау басқармасы:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Авторлық қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Комитет төрағасының 2004 жылғы 20 қазандағы N 406 бұйрығына өзгеріс енгізу

туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2005 жылғы 2 маусымдағы N 160 бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК